

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Хопкирк П. Большая Игра против России: Азиатский синдром/ Пер. с англ. И. И. Кубатько.— М.: РИПОЛ КЛАССИК, 2004. – 640 с.: ил.— (Мир тайных войн). Большая игра против России. Азиатский синдром - Хопкирк П. - 2004 (djvu.online)
2. Mackinder H. J. Democratic Ideals and Reality. N.Y. 1942.
3. Казахстан разрешил США транзит гражданских грузов в Афганистан Архивная копия от 7 марта 2014 на Wayback Machine // LENTA.RU от 9 февраля 2009
4. НАТО и Казахстан подписали соглашение о транзите в Афганистан Архивная копия от 7 марта 2014 на Wayback Machine // «Коммерсант» от 27 января 2010
5. Киргизия разрешила НАТО наземный транзит грузов в Афганистан Архивная копия от 7 марта 2014 на Wayback Machine // РИА «Новости» от 23 мая 2012
6. НАТО и Узбекистан. Информационно-аналитический портал: <https://xn--80azer.xn--p1ai/ru/uzbekistan.html>
7. Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы (НАТО) ресми сайты мәліметтері: НАТО - Отношения НАТО и Центральной Азии: введение
8. Еуропалық Одақ ЕО ресми сайты мәліметтері: sotrudnichestvo_evropeyskiy_soyuz_-_centralnaya_aziya.pdf (europa.eu)
9. Жаңа Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы тұрақты энергетиканы дамыту жобасының ресми сайты: https://www.eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/european-union%E2%80%99s-new-project-boost-sustainable-energy-central-asia_en?s=222.
10. Жобаның ресми сайты, Орталық Азиядан келген журналистер Нидерландыда жаңартылатын энергия саласындағы еуропалық тәжірибені зерттегені жөнінде деректер: <https://wecoop.eu/ru/journalists-learnt-european-experience-on-re/>.

ӘОЖ 314.745.4

ЭТНИКАЛЫҚ КӨШІ-ҚОНДАҒЫ КАРТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ: ПОЛЬША МЕН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІН САЛЫСТЫРУ

Меңлібай Еркебұлан Қайырбекұлы,
erkebulanmenglibayev@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.И. Қобландин

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесі тұрақсыздық жағдайына байланысты жылдам өзгере бастады. Жаһандық геосаясат белгісіздік бағытқа ойысып, кейбір елдер арасындағы дипломатиялық қатынастар үзіліп, экономикалық санкциялар күшейіп, бейбіт миссиялық бағыттан көрі жаппай әскери қарулану үрдісі жылдам жүруде. Осының салдарынан халықтың көші-қоны үрдісі бекітілген халықаралық нормалардан тыс, бей-берекетсіздік жағдайында жүруде.

Осы ретте, кейбір мемлекеттер шетелдегі диаспорасы арасындағы жоғары білікті мамандарды және кәсіпкерлерді инвестор ретінде тарихи отанына тарту мақсатында арнайы Картаны енгізіп, этникалық көші-қонды сандықтан көрі сапалық тұрғыда жүргізуге басымдық бере бастады. Шетелде тұратын 20 млн поляк диаспорасы бар Польша билігі «Поляк картасын» енгізу арқылы репатриация саясатында біршама нәтижелерге қолжеткізді [1]. Кейбір бейресми мәліметтер бойынша шетелде 7 млн-ға жуық этникалық қазақтар тұрады. Олармен мәдени-

гуманитарлық және іскерлік қарым-қатынастарды дамыту, елімізге кәсіби мамандарды тарту мақсатында өткен жылдың екінші жартысында «Ата жолы» картасын беруді іске қосқан болатын.

Осыған орай, авторлар мақалада Польшаның «Поляк картасы» мен Қазақстанның «Ата жолы» картасын салыстыра отырып, отандық Картаны жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар әзірлеуді көздейді.

«Поляк картасы» туралы заңды 2007 жылғы 7 қыркүйекте қабылдаған Польша үкіметінің тәжірибесі мол. Алғашқыда аталған құжат посткеңестік аймақтарда тұратын поляктар мен олардың тарихи отаны арасындағы байланысты нығайтуға арналды. Кейінгі жылдары аталған заңға 3 рет түзетулер енгізілді. Яғни, 2008 жылдың 24 қазанында, 2016 жылдың 15 қарашасында және 2019 жылдың 16 мамырында өзгертулер жасалды [3]. Осыдан кейін Картаны алуға тек бұрынғы КСРО елдерінде тұратын поляктар ғана емес, бүкіл әлемде тұратын поляк диаспорасы өтініш бере алады. Сонымен қатар, «Поляк картасын» (содан кейін азаматтығын талап ете алады) тек поляк тектес адамдар ғана емес, шетелдегі поляк ұйымының (мысалы, елшілік, диаспоралық ұйымдар және т.б.) куәлігі (сертификаты) бар поляк ұлтына жатпайтын кез-келген шетелдік азамат, сондай-ақ соңғы үш жыл ішінде поляк ұлттық азшылығын, мәдениетін қолдауға және поляк тілін танымал етуге бағытталған іс-шараларға белсенді қатысқандығын дәлелдеген адамдарға да беріледі [4].

Ал, Қазақстанда «Ата жолы» картасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ адами әлеуетті дамыту, тарихи отанмен байланысты нығайту және ұлттық дәстүрлерді сақтау, елге кәсіпқой мамандарды және табысты кәсіпкерлерді тарту үшін ҚР-ның 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасына сәйкес әзірленді. Осыған сәйкес, «Ата жолы» картасын ұсыну тәртібі 2023 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 280 бұйрығымен бекітілді [5]. «Ата жолы» картасы – шетелдегі этникалық қазақтар үшін Қазақстанда бизнес жүргізу мақсатында көшіп келушілерге немесе талап етілген кәсіптері (мамандығы) бар адамдарға берілетін құжат. Карта 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Дегенмен, ол өтініш берушінің ұлттық паспортының қолданылу мерзіміне байланысты болады.

Картаны алу үшін поляк ұлтының азаматтары тұрғылықты жері бойынша Польшаның консулдық қызметіне жүгінуі қажет. Ал, шетел азаматы болып табылатын этникалық қазақтар «Ата жолы» картасын алу үшін «Құтты мекен» мобильдік қосымшасы немесе Migration.enbek.kz көші-қон ресурстары порталы арқылы онлайн режимде өтініш бере алады. Бұл өз кезегінде азаматтардың қосымша уақыт немесе қаржылай шығындарға әкеп соқтырмайтын тиімді тетік екендігін атап өтеміз.

Польшаның және Қазақстанның шетелдегі диаспора өкілдеріне Картаны берудегі негізгі мақсаты тұрақты тұру еліндегі азаматтығын сақтай отырып, тарихи отанымен жан-жақты байланысты нығайту болып табылады. Осыған сәйкес Карта иегерлеріне елдің заңдары аясында белгілі бір артықшылықтар беріледі. Мәселен, «Поляк картасының» иелері консулдық қызметтерді тегін алуға, заңды жұмыс жасауға, кәсіпкерлікпен айналысуға, орта және жоғары оқу орындарында білім алуға, ғылыми шығармашылық жұмыстармен айналысуға, шұғыл медициналық қызметтерді қолдануға құқықтарды береді. Сондай-ақ, Польшадағы теміржол (жолаушылар, экспресс-поездар) билеттеріне 37% жеңілдіктерді қолдануға және мұражайларға тегін кіруге мүмкіндік жасайды. Ең бастысы елде тұрақты тұруға рұқсатты жеңілдетілген тәртіпте рәсімдеуге, одан әрі болашақта – поляк азаматтығын алуына болады.

«Ата жолы» картасын алғандар қазақстандық заңнамаға сәйкес жұмысқа орналасу немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығы, медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде әлеуметтік төлемдер жүргізу және қызмет алу, тегін орта білім алу, Мемлекеттік мекемелерде тегін арнаулы орта немесе жоғары білім алу конкурсына қатысу немесе жеке оқу орындарында ақылы оқу және т. б. мүмкіндігі қолжетімді. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің ресми веб-порталында жариялаған [6]. Алайда, «Ата жолы» картасын ұсыну тәртібі туралы ережеде немесе басқа да нормативтік-құқықтық актілерде Карта иелерінің бұл құқықтары көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша 2023 жылдың маусым-желтоқсан айларында Картаны алуға 14 мемлекеттегі этникалық қазақтардан 59 өтініш келіп түскен. Оның 44-не «Ата жолы» картасы берілген. Осы ретте Карта иегерлерінің арасында бұл құжатты «формальді» деген теріс пікір қалыптасуда. Себебі, Карта арқылы бизнесті жүргізуге, елімізге емін-еркін кіріп-шығуға және тұрақты тұруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан Картаны алуға ниетті тұлғалардың қатары аз болып отыр.

Ал, Польша мемлекетінде «Поляк картасының» енгізілуі этникалық көші-қонның және диаспоралық саясаттың әлеуметтік тұтқасына айналды. Мысалы, 2017-2019 жылдары тұрақты тұруға берілген барлық рұқсаттардың 70 пайызы «Поляк картасының» иегерлеріне тиесілі болған. Жалпы, «Поляк картасының» енгізілуі репатриация және диаспора саясатын жаңа деңгейге көтерілуіне маңызды рөл атқарды. Статистикаға сәйкес 2008-2021 жылдары «Поляк картасын» алуға 350 170 адам өтініш жасаған. Оның 46,22%-ы Беларусьсиядан (161 861) және 41,87%-ы Украинадан (146 628) болған [7].

Осы ретте, «Поляк картасы» мен «Ата жолы» картасы иегерлеріне жасалатын жеңілдіктер бойынша 1-кестеге сәйкес салыстыру жүргізілді.

Кесте 1 – Польша мен Қазақстан карталарының мүмкіндіктерін салыстыру

№	Жеңілдіктер мен құқықтар	Польша	Қазақстан
		<i>Поляк картасы</i>	<i>«Ата жолы» картасы</i>
	Мерзімі	10 жыл	10 жыл
	Ел аумағында тұрақты тұру	+	-
		(жеңілдетілген тәртіпте ықтиярхатты рәсімдейді)	(қосымша виза немесе ықтиярхат алу қажет)
	Жұмысқа тұру	+	-
	Коммерциялық қызмет (бизнес)	+	-
	Жылжитын/жылжымайтын мүлікке иелік ету	-	-
	Азаматтық алу мүмкіндігі	+	-
		1 жылдан кейін	
	Саяси құқықтар, дауыс беру	-	-
	Әскерде қызмет ету мүмкіндігі	-	-
	Зейнетақы және әлеуметтік жеңілдіктер	-	-
	Несие алу	-	-
	Тегін білім алу	+	+
	Тегін медициналық көмек	+	+
	Мемлекеттік қызметке қабылдану	-	-
	Жанұя мүшелерінің алу мүмкіндігі	+	-
	Карта алу шарттары	+	+

Авторлар зерттеу тақырыбы аясында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша негізгі мәселелерді анықтап, келесі ұсыныстарды әзірледі:

1. «Ата жолы» картасы шетел азаматының жеке басын куәландыратын құжат болып табылмайды. Деңгейі имидждік статус ретінде ғана болып отыр. Тіпті, карта иегерлеріне куәлік те берілмейді. «Ата жолы» картасы иегерлері ҚР аумағында тұру үшін виза немесе ықтиярхатқа өтініш беріп, шетелдік азамат сияқты барлық процедуралардан өтуі керек.

Осы ретте, «Ата жолы» картасының иегері бірнеше құқықтарға ие болуы керек. Оның ішінде «Ата жолы» картасын автоматты түрде «Қандас мәртебесімен» теңестіру және жеке басты куәландыратын құжаттардың қатарына қосу қажет. Сонымен қатар, имидждік тұрғыда тартымды ету мақсатында және халықаралық тәжірибеге сәйкес картаны жеке куәліктің форматында басып шығару және цифрлық құжат ретінде қолданысқа енгізу керек деп есептейміз.

2. «Ата жолы» картасы иегерлеріне берілетін құқықтар мен жеңілдіктер Қазақстанның заңнамаларында қарастырылмаған. Яғни, нормативтік-құқықтық базасы қалыптаспаған. Сондықтан, «Ата жолы» картасының беретін мүмкіндіктерін кеңейтіп, тиісті заңнамалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. Оның ішінде «Ата жолы» картасының иегері автоматты түрде «қандас» мәртебесіне ие болатын құқықтарды қарастыру қажет.

3. Қазақстан Республикасы «Халықтың көші-қоны» туралы Заңның 40-бабына сәйкес, бизнес-мигрант ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады. Демек, «Ата жолы» картасын иемденген ұлты қазақ бизнес-мигрант бизнес жүргізуге арналған С5 визасын (*ЕАЭО және мемлекетаралық келісімі бар елдерден басқалары*) қосымша алуы керек.

Осыған сәйкес, «Ата жолы» картасын арнайы визалық санат ретінде қабылдау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар, «Ата жолы» картасының иегерлеріне Қазақстанда заңды тұлға ретінде жеке кәсібін тіркеуге мүмкіндік берілуі керек.

4. ҚР аумағында шетелдік азаматтардың жүріп-тұруы қолданыстағы заңнамамен реттеледі. Мысалы, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан азаматтары ҚР аумағында 90 күн жүру құқығына ие болса, ал Қытай азаматтары 30 күн визасыз жүріп-тұра алады. Оның үстіне аталған рұқсат етілген күндер аяқталғаннан кейін ол тұлғалар ҚР аумағынан шығуы қажет, ал басқа мемлекеттердің азаматтары арнайы виза алуға міндетті.

Сондықтан, «Ата жолы» картасының иегері Қазақстанның аумағында он жыл бойы еркін жүріп-тұруы үшін аталған картаға қосымша ықтиярхат рәсімдеуі қажет. Осыған орай, «Ата жолы» картасының иегерлеріне ықтиярхат және Қазақстан азаматтығын берудің жеңілдетілген тәртібін енгізу ұсынылады.

5. «Ата жолы» картасына өтініш беруге құқығы бар санаттар санын (*мамандықтар тізбегін*) арттыру мүмкіндігін қарастырған жөн деп санаймыз. Сондай-ақ, «Ата жолы» картасын алуға үміткерлер санатына шетелдегі қазақ ұйым басшылары мен белсенділерін қосу керек деп пайымдаймыз.

Аталған ұсыныстар «Ата жолы» картасын одан әрі жетілдіріп, репатриацияның жаңа толқынын қалыптастыруға ықпал етеді деп сенеміз. Сонымен қатар, шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін тарихи отаны айналасында топтастыруға, кәсіби мамандар мен ел экономикасына инвестиция тартуда маңызды механизм болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Polityka migracyjna Polski // Departament Analiz i Polityki Migracyjnej MSWiA, - 2019, p. 61.
2. Ustawa z dnia 7 września 2007 r. o Karcie Polaka // <https://isap.sejm.gov.pl/isap.nsf/download.xsp/WDU20071801280/T/D20071280L.pdf> (қаралған күні:09.03.2024).

3. Веденеева В.Т., Польская миграционная политика: формирование парадигмы (1989–2019) / Мировая экономика и международные отношения // - 2020, том 64, №12, с. 105-112.
4. Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін «Ата жолы» картасын ұсыну тәртібін бекіту туралы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032983> (қаралған күні:12.03.2024).
5. «Ата жолы» картасын қалай алуға болады? // <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/593270?lang=kk> (қаралған күні:12.03.2024).
6. Gońda, M., Magdalena Lesińska. Ewolucja karty polaka jako instrumentu polityki państwa // CMR Working Papers, - 2022, 129(187), p. 50.

УДК32.327

ИДЕОЛОГИЯ НА ЭКРАНЕ: КИНЕМАТОГРАФИЧЕСКОЕ ЗЕРКАЛО СОВЕТСКОЙ ЭПОХИ В КАЗАХСТАНЕ И УЗБЕКИСТАНЕ (1920-1960 ГОДЫ)

Муратова Аяжан Сериккалиевна

myratovaayazhan@gmail.com

Студентка факультета международных отношений

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж.Е. Нурбаев

Аннотация. Данная статья представляет собой анализ развития кинематографа в Казахстане и Узбекистане в период с 1920 по 1960 годы в контексте советской эпохи. Основное внимание уделяется роли кинематографа как средства идеологической пропаганды. В статье затронута роль киноиндустрии в вопросе эмансипаций женщин Востока, а также представлены основные характеристики персонажей, прописанных идеологической диктовкой.

Ключевые слова: советская идеология, коммунистическая пропаганда, кинематограф Узбекистана, кино Казахской ССР, женщина Востока, эмансипация, «эпоха оттепели».

С установлением власти большевиков над территорией Центральной Азии, новоиспеченному руководству предстояло провести большую работу по внедрению своих идеологических принципов социал-коммунизма. Очевидно, для людей того времени кино было удивительным новшеством, что вызывало всё больше интереса и внимания. Правительство прекрасно осознавало превосходство новаторской движущейся картины над уже привычной для народа живописью, театром и книгами. Это привело к тому, что киноиндустрия СССР стала главным инструментом идеологической пропаганды в построении «правильного» сознания советского человека. Постепенно формировались национальные киностудии, выделялись деньги для оборудования и техники, проводились специальные обучения для будущих кадров, организовывали клубные кино вечера в домах культур, чуть позже начали открываться кинотеатры. В каждом из этих кинотеатров всегда был рабочий из отдела пропаганды, в чьи обязанности входила тщательная проверка на допуск к показу того или иного фильма, а также строгий контроль на соответствие утвержденным нормам и ценностям. [1, с. 248]

Самая первая киностудия союзного Востока открылась в Узбекистане. В 1925 год ознаменовался созданием в Ташкенте кинофабрики «Шарк Юлдузы». В Казахстане производство фильмов началось намного позже. Первый казахский фильм вышел лишь в 1938 году, но, в связи с сложившимися обстоятельствами Второй мировой войны, в 1940-х Ленфильм были вынуждены временно эвакуироваться в Алма-Ату. Тогда Казахская ССР стала центром производства 80% фильмов всего союза.

И в Казахстане, и в Узбекистане развитию киноиндустрии первое время помогали режиссёры, сценаристы, прибывшие из России. Однако картины, снятые Узбекфильмом, чаще